

Атауы жоқ көшелерге атау беру туралы

Жамбыл облысы Шу ауданы Төле би ауылдық округінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 118 шешімі. Жамбыл облысы департаментінде 2023 жылғы 4 шілдеде № 5059 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2022 жылғы 12 мамырдағы қорытындысы негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, ШЕШТІМ:

1. Төле би ауылдық округінің Төле би ауылындағы атауы жоқ көшелерге келесі атаулар берілсін:

- 1- жаңа көшеге Мәңгілік Ел көшесі;
- 2 - жаңа көшеге Қозыбасы көшесі;
- 3 - жаңа көшеге Орбұлақ көшесі;
- 4 - жаңа көшеге Жерұйық көшесі;
- 5 - жаңа көшеге Алаш көшесі;
- 6 - жаңа көшеге Ордабасы көшесі;
- 7 - жаңа көшеге Ақыртас көшесі;
- 8 - жаңа көшеге Жүсіп Баласағұн көшесі;
- 9 - жаңа көшеге Жасөркен көшесі.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Төле би ауылдық
округінің әкімі*

А. Ошанов